

Бекітемін :
Бәкей Бекетбайұлындағы
№264 мектептің директоры
Б.Б. Тұрзаев
« 16 » 2024ж



**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға жеке және топтық сабақтарға арналған
күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

2024-2025 оқу жылы

Сонорлы (Л, Р) дыбыстарды түзетуге арналған топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнындағы ортақ тақырыптары және дыбыс айту бұзылыстарын түзету кезеңдерін (Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова) негізге ала отырып құрастырылды.

Дыбыстарды түзету жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі және оны 4 негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз: дайындық кезеңі, дыбысты қою кезеңі, дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру кезеңі және ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі. Әр кезеңнің өзінің мақсаты мен міндеттері бар. «Л», «Р» дыбыстарын түзетуге арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар аталған 4 кезеңнің мақсат-міндеттерін негізге ала отырып құрастырылған.

Дайындық кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты дұрыс қабылдап, қайталауға қажетті сөйлеу-есту және сөйлеу-қимыл анализаторларын дайындау. Бұл кезеңде дыбыстың артикуляциялық қалпын, бағытталған ауа ағынын және фонематикалық есту қабілетін дамыту, тірек дыбыстар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Дыбысты қою кезеңінің мақсаты – жеке дыбысты дұрыс, анық айтуға үйрету. Аталған кезеңде жаттықтырылған артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстары мен қалпын біріктіру, дыбыстың артикуляциялық базасын жасау, ауа ағыны мен дауысын қосу, жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру жұмыстары жүргізіледі.

Дыбысты машықтандыру кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты фразалық сөйлеуінде дұрыс айтқызуға қол жеткізу. Жұмыстың мазмұны – қойылған дыбыстың жеке айтылуын, кезектілікпен буындарда (ашық, жабық, тұйық), сөздерде (сөздің басында, ортасында, аяғында), сөз тіркестерінде, сөйлемдерде (жай және құрмалас сөйлемдерде, жаңылтпаштар мен жұмбақтарда), байланыстып сөйлеу тілінде және өзіндік сөйлеуіне енгізу.

Дыбысты ажырату кезеңінің мақсаты – шатастырып немесе алмастырылып айтылатын дыбыстарды ажыратуға үйрету, өзіндік сөйлеу тілінде оларды дұрыс қолдануға дағдыландыру. Жұмыстың мазмұны шатастыратын немесе алмастыратын дыбыстарды артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ретімен ажырату, алдымен жеке дыбыстарда, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, жұмбақ-жаңылтпаштарда, өзіндік сөйлеу тілінде ажырату. Дыбыстарды ажырату бойынша жүргізілетін жұмыс келесі бағыттарды іске асырылады: естіп ажыратуын дамыту, дыбысты айтып ажыратуын бекіту, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту.

I-тоқсан**Аптасына – 2 сағаттан**

№	Жеке сабақ/топтық сабақ	Сабақ тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.	Логопедиялық диагностика жеке баламен жүргізіледі	Логопедиялық диагностика	- Сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау; Терең логопедиялық диагностика жүргізу;	4	02-14.09.2024ж	
2.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын қоюға дайындық. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	- «Л» дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру; - Бағытталған ауа ағынын қалыптастыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	17.09.2024ж	
3.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын қою (Еліктеу тәсілі арқылы). Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	- «Л» дыбысының артикуляциялық қалпын қалыптастыру; - Жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	19.09.2024ж	

4.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын қою (Механикалық тәсіл арқылы). Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	- «Л» дыбысының артикуляциялық қалпын қалыптастыру; - Жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	24.09.2024ж	
5.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын қою (Аралас тәсіл арқылы) Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Анықтауыш	- «Л» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Л» дыбысын жеке дұрыс айтуға дағдыландыру; - «Л» дыбысын мен әрпін сәйкестендіру; - «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Анықтауыш» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	26.09.2024ж	
6.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын ашық буында машықтандыру. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш	- «Л» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Л» дыбысын ашық буында дұрыс айтуға жаттықтыру; - Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	01.10.2024ж	
7.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын тұйық буында машықтандыру. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Пысықтауыш	- «Л» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Л» дыбысын тұйық буында дұрыс айтуға жаттықтыру;	1	03.10.2024ж	

			- Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.Пысықтауыш» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;			
1.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын жабық буында машықтандыру. Жәй сөйлем және оның түрлері	- «Л» дыбысын жабық буында дұрыс айтуға жаттықтыру; - Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Жәй сөйлем және оның түрлері» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	08.10.2024ж	
2.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын сөздің басында машықтандыру. Жәй сөйлем және оның түрлері	- «Л» дыбысын сөздің басында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - Сөзөзгерту дағдыларын дамыту; - «Жәй сөйлем және оның түрлері» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	10.10.2024ж	
3.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын сөздің ортасында машықтандыру. Жалаң және жайылма сөйлем	- «Л» дыбысын сөздің ортасында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - Сөзөзгерту дағдыларын дамыту; - «Жалаң және жайылма сөйлем» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	15.10.2024ж	

4.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын сөздің соңында машықтандыру. Жалаң және жайылма сөйлем	- Көлік түрлері «Л» дыбысын сөздің соңында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - Сөзгерту дағдыларын дамыту; - «Жалаң және жайылма сөйлем» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	17.10.2024ж	
5.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын сөз тіркесінде машықтандыру. Жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату	- «Л» дыбысын сөздің соңында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Жалаң және жайылма сөйлем» грамматикалық тақырыбы бойынша түсінігін молайту;	1	22.10.2024ж	
6.	Топтық сабақ	«Л» дыбысын жай сөйлемдерде машықтандыру.	- «Л» дыбысын жай сөйлемдерде дұрыс айтуға жаттықтыру; - Тірек сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту;	1	24.10.2024ж	

II-тоқсан
Аптасына – 2 сағаттан

№	Жеке сабақ/топтық сабақ	Сабақ тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын қоюға дайындық. ҚР мемлекеттік рәміздері	- «Р» дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру; - Бағытталған ауа ағынын қалыптастыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Менің отбасым және достарым» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
2.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын қою (Еліктеу тәсілі арқылы). Антонимдер	- «Р» дыбысының артикуляциялық қалпын қалыптастыру; - Жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту; - «Менің мектебім» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
3.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын қою (Механикалық тәсіл арқылы). Антонимдер	- «Р» дыбысының артикуляциялық қалпын қалыптастыру; - Жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру; - Фонематикалық қабылдауын дамыту;	1		

			- «Үй жануарлары мен жабайы жануарлар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;			
4.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын қою (Аралас тәсіл арқылы) Сөз бен сөз тіркесі	- «Р» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Р» дыбысын жеке дұрыс айтуға дағдыландыру; - «Р» дыбысын мен әрпін сәйкестендіру; - «Үй құстары мен жабайы құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
5.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын ашық буында машықтандыру. Сөз бен сөз тіркесі	- «Р» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Ж» дыбысын ашық буында дұрыс айтуға жаттықтыру; - Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Қазақтың ұлттық тағамдары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
6.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын тұйық буында машықтандыру. Сөйлем	- «Р» дыбысының артикуляциясын бекіту; - «Р» дыбысын тұйық буында дұрыс айтуға жаттықтыру; - Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық	1		

			тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;			
7.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын жабық буында машықтандыру. Сөйлем	- «Р» дыбысын жабық буында дұрыс айтуға жаттықтыру; - Дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Қазақтың ұлттық киімдері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
8.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын сөздің басында машықтандыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру	- «Р» дыбысын сөздің басында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - Сөзөзгерту дағдыларын дамыту; - «Қазақтың ұлттық ойындары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
9.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын сөздің ортасында машықтандыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру	- «Р» дыбысын сөздің ортасында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - Сөзөзгерту дағдыларын дамыту; - «Жыл мезгілдері, айлар, апта күндері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
10.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын сөздің соңында машықтандыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру	- Көлік түрлері «Р» дыбысын сөздің соңында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту;	1		

			- Сөзөзгерту дағдыларын дамыту; - «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;			
11.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын сөз тіркесінде машықтандыру. Сурет бойынша әңгіме құрау	- «Р» дыбысын сөздің соңында дұрыс айтуға машықтандыру; - Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «Мамандықтар әлемінде» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
12.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын жай сөйлемдерде машықтандыру. Тақырып бойынша әңгіме құрау	- «Р» дыбысын жай сөйлемдерде дұрыс айтуға жаттықтыру; - Тірек сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту; - «Қазақстан қалалары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
13.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын құрмалас сөйлемдерде машықтандыру. Тақырып бойынша әңгіме құрау	- «Р» дыбысын құрмалас сөйлемдерде дұрыс айтуға жаттықтыру; - Тірек сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту; - «Менің сүйікті ертегім» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
14.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын жұмбақ, жаңылтпаштарда машықтандыру	- «Р» дыбысын жұмбақ, жаңылтпаштарда жаттықтыру;	1		

15.	Топтық сабақ	«Р» дыбысын байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру. Мәтін түрлерімен таныстыру	- Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша ауызша әңгіме құрау дағдыларын дамыту; - «Спорттық ойындар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;	1		
16.	Топтық сабақ	Р-Л дыбыстарын ажырату. Мәтінмен жұмыс	- Р-Л дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - Дыбысты естіп ажыратуын дамыту; - Дыбысты айтып ажыратуын бекіту; - Фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту;	1		